

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын және уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының ішкі тәртібі қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-233/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 21726 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 178-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мынадай:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының қызметін ұйымдастыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының ішкі тәртібі қағидалары бекітілсін.

2. "Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтары қызметінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6757 болып тіркелген, 2011 жылғы 18 наурыздағы № 94-97 (26499) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 4 желтоқсаны
№ ҚР ДСМ-233/2020
Бұйрыққа
1-қосымша

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының қызметін ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 178-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) детоксикация – адам организмінен эндоген немесе экзоген текті уытты заттарды шығаруға бағытталған медициналық іс-шаралар кешені;

2) мас болу (уыттану) – алкогольді тұтыну салдарынан туындайтын, психикалық, мінез-құлықтық, вегетативтік және соматоневрологиялық бұзылулар кешенімен сипатталатын жай-күй;

3) пациент – медициналық көмек көрсетуді қажет ететін ауруының немесе жай-күйінің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы болып табылатын (болып табылған) жеке тұлға;

4) уақытша бейімдеу – адамды мас күйінен айықтыру және оны мекендеу ортасы жағдайларына бейімдеу жөніндегі процесс;

5) уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы (бұдан әрі – УБДО) – алкогольдік масаң күйдегі (уыттанған) адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған және психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын орталық.

3. Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы (бұдан әрі – УБДО) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша құрылады, объектісі болып табылады және жеткізу кезінде орташа алкогольдік күйдегі масаң күйде болу (уыттанған) дәрежесіндегі адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін тәулік бойы өзінің қызметін жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-1. УБДО төсектік қуаттылығы мынадай есептеу арқылы анықталады:

1) республикалық маңызы бар қалаларда кемінде 20 төсек;

2) облыс орталықтарында кемінде 15 төсек;

3) облыстық маңызы бар қалаларда, аудан орталықтарында, аудандық маңызы бар қалаларда кемінде 5 төсек.

УБДО төсегі – алкогольдік орташа дәрежедегі масаң күйдегі (уыттанған) адамдарға мамандандырылған медициналық көмекті көрсету және орналастыру мүмкіндігін көрсететін шартты есептік бірлік.

Ескерту. Қағида 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының қызметін ұйымдастыру тәртібі

4. Адамдарды УБДО-ға жеткізуді ішкі істер органдарының қызметкерлері жүзеге асырады. Адамды жеткізу кезінде ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) адамдарды куәландыруды, УБДО-ға орналастыруды жүзеге асыру кезінде медициналық персоналға жәрдемдесу;

2) атыс қаруын, суық қаруды, жарылғыш, уландырғыш және улы заттарды, Қазақстан Республикасында айналысқа тыйым салынған өзге де заттарды алып қоюды жүзеге асырады.

5. Жеткізілген адамның жеке басын ішкі істер органдарының қызметкерлері анықтайды және УБДО-ның медициналық персоналына хабарланады.

Жеткізілген пациенттің жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауы оны УБДО-ға орналастырудан бас тартуға негіз болмайды.

6. Алкогольдік масаң күйіне күдікті адамды жеткізген кезде оны осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емдеуге жатқызуды қабылдау мен одан бас тартуды есепке алу журналында тіркеу жүзеге асырылады.

7. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын

біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) сәйкес психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну және масаң күйде болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу мәселелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы мамандардан қосымша білім алған психиатр (нарколог) дәрігер не фельдшер (медицина қызметкері) жеткізілген адамды тіркегеннен кейін ПБЗ-ны пайдалану фактісін және масаң күйде болу жағдайын және УБДО-ға орналастыруға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдердің бар-жоғын анықтау үшін оған медициналық куәландыру жүргізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Алкогольдік масаң күйге күдікті адамды қабылдауды УБДО медициналық персоналы жүзеге асырады.

9. Медициналық куәландыру нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша УБДО-да жүргізілген медициналық куәландыру туралы қорытындыда (бұдан әрі – Қорытынды) ресімделеді.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығына орналастырылған бір адамға УБДО-да көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес анықталады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қорытындыда мынадай қорытындылары бар пациенттің клиникалық жай-күйі нақты сипатталуы тиіс:

УБДО-ға орналастыруға жатады;

УБДО-ға орналастырудан бас тартылды.

11. Қорытынды екі данада жасалады, олар психиатр дәрігердің (наркологтың) немесе фельдшердің қолымен расталады.

Қорытындының бір данасы куәландырылушыны жеткізуді жүзеге асырған ішкі істер органдарының қызметкеріне беріледі, екінші данасы УБДО-да 5 (бес) жыл бойы сақталады.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды УБДО-дағы пациенттің картасына қоса тіркеледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Пациенттің заттарын жеке тексеруді УБДО-ға орналастыру кезінде медициналық персонал жүзеге асырады.

13. УБДО-ға адамдарды орналастыру үшін қарсы көрсетілімдер:

- 1) кәмелетке толмаған жас;
- 2) алкогольден мас болудың (уыттанудың) жеңіл немесе ауыр дәрежедегі жай-күйі;
- 3) басқа психикалық белсенді заттардан мас болудың (уыттанудың) жай-күйі;
- 4) шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін психикалық және (немесе) соматикалық патологияның болуы;
- 5) эпидемиологиялық қауіп кезеңінде инфекциялық аурудың белгілері бар адамдар.

14. УБДО-ға жеткізілген кәмелетке толмағандар Кодекстің 118-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес олардың заңды өкілдерінің келісімімен тиісті медициналық ұйымның бейінді бөлімшелеріне емдеуге жатқызылады.

15. УБДО-да пациенттердің жеке заттары арасында заттар мен заттарды алып өтуге және болуына жол берілмейді:

- 1) психикаға белсенді әсер ететін заттар;
- 2) ақша, құнды заттар (зергерлік бұйымдар, алтын сағаттар және басқалар);
- 3) ұялы телефондар, фото-бейнетүсірілімге арналған аппараттар;
- 4) жарылғыш, уландырғыш және улы заттар;
- 5) атыс қаруы, суық қару;
- 6) ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған, құрамында зорлық-зомбылықты насихаттайтын әдебиет, сондай-ақ порнографиялық сипаттағы материалдар;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған басқа да нәрселер жатады.

1, 4, 5, 6, 7-тармақшаларда көрсетілген заттар мен заттарды ішкі істер органдарының қызметкерлері алып қоюына жатады.

Уақытша бейімдеу және
детоксикация орталықтарының
қызметін ұйымдастыру
қағидаларына 1-қосымша

Емдеуге жатқызуға қабылдауларды және одан бас тартуларды есепке алу журналы Журнал учета приемов и отказов в госпитализации

№	Күні Дата	Уақыты Время	ТАӘ (болған жағдайда) ФИО (при наличии)	ЖСН ИИН	Тұрғылықты мекен-жайы Адрес места жительства	Жеткізушінің ТАӘ (болған жағдайда), лауазымы ФИО (при наличии), должность доставившего
1	2	3	4	5	6	7

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығындағы пациент картасының № Номер карты пациента, находящегося в центре временной адаптации и детоксикации	Емдеуге жатқызу күні мен уақыты Дата и время госпитализации	Келіп түскен кезде қойылған диагноз Диагноз при поступлении	Шығарылған күні мен уақыты Дата и время выписки	Қабылдаудан бас тарту себептері ұсынымдар) Причины отказа в приеме (рекомендации)	Дәрігердің ТАӘ (болған жағдайда), қолы ФИО (при наличии), подпись врача
8	9	10	11	12	13

Ескертпе:

Журналдың беттері нөмірленеді, журнал жіппен тігіледі және ұйымның мөрімен расталады.

Примечание:

Страницы журнала нумеруются, журнал прошнуровывается и заверяется печатью организации.

Уақытша бейімдеу және
детоксикация орталықтарының
қызметін ұйымдастыру
қағидаларына
2-қосымша

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында жүргізілген медициналық куәландыру туралы қорытынды

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Паспорттық деректер:

1) Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____

—

—

2) Жасы (туған күні, айы, жылы) _____

—

3) Жеке басын куәландыратын құжат (құжат түрі, нөмір) _____

—

—

4) Жұмыс орны, лауазымы _____

—

2. Жеткізу негіздері және уәждемелері _____

—

—

—

1) Жеткізілген адамды анықтау жағдайлары _____

—

—

2) Жеткізген адамның лауазымы, Т. А. Ә, (болған жағдайда) (нақты уақыты, күні)

—

3. Зерттеп-қарау күні мен нақты уақыты _____

—

4. Психиатр (нарколог) дәрігері немесе фельдшер _____

5. Жеткізілген адамның сыртқы түрі (киімінің, терісінің жай-күйі, жарақаттардың, зақымдардың, соққылардың және тағы басқаларының болуы): _____

—

—

—

6. Жеткізілген адамның мінез-құлқы: ашулы, тұйық, қызба, қозу күйінде, агрессивті

,

эйфориялық, көп сөйлейді, абыржығыш, ұйқышыл, тежелген, өзінің жай-күйіне шағымдар білдіреді _____

—

—

7. Сана күйі, орынды, уақытты, жағдайды және өз тұлғасын бағдарлауы _____

8. Сөйлеу қабілеті: баяндаудың байланыстылығы, артикуляцияның бұзылуы, сөйлеу тілінің шұбарлануы және тағы басқалары _____

9. Вегетативтік-тамырлық реакциялар (тері тіндерінің күйі, көздің шырышты қабығы, тіл, тершілдік, сілекей ағу) _____

тыныс алу: жиіленген, баяу _____

тамыр соғуы _____ артериялық қан қысымы _____

көздің қарашықтары: тарылған, кеңейген, жарыққа реакция _____

жан-жағына қарағандағы нистагм _____

10. Қозғалыс аясы _____

1) ым: солғын, қызу _____

2) жүріс-тұрысы (теңселіп жүру, жүргенде аяқтарын оңды-солды сілтеп жүру), бұрылыстармен жүру (бұрылғанда теңселу)

3) Ромберг күйінде тұру _____

4) нақты қимылдар (еденнен тиынды алу, саусақтан-мұрыннан сынама) _____

5) қабақтардың, тілдің, қол саусақтарының дірілдеуі _____

11. Нервтік-психикалық аурулардың, мидың органикалық зақымдануының, физикалық қалжыраудың белгілері, бастан өткерген жарақаттар (жеткізілген адамның өз сөздерінен) _____

12. Алкогольді соңғы рет тұтынғаны туралы мәліметтер: субъективті, объективті _____

13. Ауыздан алкоголь иісінің шығуы _____

14. Зертханалық, жабдықтық зерттеп-қарау деректері (жүргізген жағдайда) _____

15. Диагноз, жай-күйі _____

16. Қорытындылар (көрсете отырып: УБДО-ға орналастырылуға жатады немесе УБДО-ға орналастырудан бас тартылды): _____

Психиатр (нарколог) дәрігері немесе фельдшер _____ Т.А.Ә. (болған жағдайда)

қолы

Күні

Уақыты

Уақытша бейімдеу және
детоксикация орталықтарының
қызметін ұйымдастыру
қағидаларына
3-қосымша

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының медициналық қызметтерінің тізбесі

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Емдеу ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби медициналық білімі бар фельдшердің немесе техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі медициналық білімі бар мейіргердің қабылдауы.

2. "Психиатр" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі бар маманның консультациясы немесе "Емдеу ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби медициналық білімі бар фельдшердің қабылдауы.

3. *Алкогольді тұтыну фактісін және масаң күйін медициналық куәландыру.

4. Биологиялық материалдағы этанолды экспресс әдіспен анықтау (көрсетілімдер болған кезде).

5. Биологиялық материалда есірткі құралдары мен психотроптық заттарды экспресс әдіспен анықтау (көрсетілімдер болған кезде*).

6. Орташа дәрежедегі жедел алкогольдік улануды тоқтату (көрсетілімдер болған кезде*).

7. Алкогольдік уланудың орташа дәрежесіндегі (интоксикация) пациентті медициналық байқау.

*көрсетілімдерді емдеуші дәрігер анықтайды

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 4 желтоқсаны
№ ҚР ДСМ-233/2020
Бұйрыққа
2-қосымша

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының ішкі тәртібі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының ішкі тәртіп қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 178-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының (бұдан әрі – УБДО) ішкі тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар медициналық персонал мен пациенттерге, УБДО-ға қаралған және орналастырылған адамдарға қолданылады.

2-тарау. Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының пациенттерін орналастыру және шығару тәртібі

3. УБДО-ға орналастыруға Кодекстің 178-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының қызметін ұйымдастыру тәртібіне сәйкес қарсы көрсетілімдері жоқ, алкогольден орташа дәрежедегі мас болу (уыттану) жай-күйіндегі адамдар жатады.

4. Шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін психикалық және (немесе) соматикалық патологиясы бар адамдарды УБДО психиатр дәрігерінің (наркологының) жолдамасы бойынша жедел медициналық көмек бригадасы тиісті медициналық ұйымның бейінді бөлімшесіне жеткізеді.

5. Алкогольдік мас болу (уыттану) жай-күйіндегі пациенттерді УБДО-ға орналастыру туралы хабарлама Кодекстің 180-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады:

тұрғылықты жері бойынша жақын туыстарға (олар болған және байланыс болған жағдайда) орналастырылған сәттен бастап 1 (сағат) ішінде хабарланады;

Кодекстің 180-бабының 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар шетелдікті УБДО-ға орналастырылған сәттен бастап 3 (үш) сағаттан кешіктірілмей телефон арқылы хабарланады;

Уақыты көрсетілген хабарлама туралы тиісті жазба медициналық құжаттамаға енгізіледі.

6. Пациентті УБДО-ға орналастырар алдында медицина персоналы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пациенттердің жеке заттарын, құжаттарын, ақшаларын және басқа да құндылықтарын тіркеу журналына тіркейді.

7. УБДО-ға орналастырылған адамдардың киімі жеке шкафтарда сақталады. Құжаттар, ақшалар және басқа құндылықтар тиісті ыдыста металл шкафтарда (сейфте) сақталады. Киімге арналған шкаф пен жеке ыдыстың реттік нөмірі бірдей болады.

8. УБДО-ға орналастырылған пациент міндетті тәртіппен санитариялық-гигиеналық тазартудан өтеді. Инфекциялық-паразиттік аурулар анықталған жағдайда тиісті санитариялық-эпидмиологиялық іс-шаралар жүргізіледі.

9. УБДО-ға орналастырылған әрбір адамға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша УБДО-ға жатқызылған пациенттің картасы толтырылады, ол сонымен қатар статистикалық карта да болып табылады, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелер арқылы да іске асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2023 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. УБДО-даға орналастырылған ер адамдар әйелдерден бөлек орналастырылады.

11. Инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын адамдарды УБДО-ға орналастырылған басқа адамдармен ұстауға болмайды.

12. Медицина персоналы УБДО-ға орналастырылған пациенттердің мінез-құлқы мен денсаулығының жай-күйіне тұрақты түрде бақылау жүргізеді.

Медициналық көрсетілімдер болған кезде емдеу тағайындалады. Дәрігердің тағайындаулары пациенттің картасына енгізіледі. Медициналық тексерулердің жиілігі науқастың жағдайына байланысты.

13. Психикалық моторлық қозу және өзіне мен айналасындағыларға жоғары қауіп ықтималдығы кезінде физикалық қысым жасау шаралары Кодекстің 175-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Пациенттің соматикалық және (немесе) психикалық жай-күйі нашарлаған кезде оны жедел медициналық көмек бригадасы басқа мамандандырылған медициналық ұйымдарға ауыстыруды жүзеге асырады.

15. Пациентті шығаруды психиатр дәрігер (нарколог) келіп түскен сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде одан әрі байқауды және УБДО жағдайында емдеуді талап етпейтін жай-күйді жақсартуға қол жеткізу кезінде жоспарлы тәртіппен жүзеге асырады. Шығару кезінде пациенттің картасына және емдеуге жатқызуды қабылдау мен бас тартуды есепке алу журналына тиісті жазба жасалады.

16. Өз құжаттары мен жеке заттарын алған кезде пациент жазбаша түрде пациенттердің құжаттары мен жеке заттарын тіркеу журналындағы жазбаға сәйкес сақтау заңсыз болып табылатын заттардан басқа, барлық құжаттары мен жеке заттарын алғанын растайды.

17. Шығару кезінде пациенттің қалауы бойынша УБДО-да болғаны туралы анықтама беріледі.

18. Шығарғанға дейін бір сағат бұрын медицина персоналы УБДО-ға ішкі істер органдарының қызметкерлері жеткізген адамның шығарылатыны туралы хабарлайды.

3-тарау. Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы пациенттерінің мінез-құлқы тәртібі

19. УБДО-ға орналастырылған пациенттер:

- 1) белгіленген ішкі тәртіп қағидаларын сақтайды;
- 2) тағайындалған емді қабылдайды;

20. Күтуге арналған үй-жайларды қоспағанда, УБДО-ға кіруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тек ұйым персоналына, күзет ұйымының қызметкерлеріне, өзге де адамдарға ғана рұқсат етіледі.

УБДО-ға орналастырылған адамдардың Кодекстің 182-бабының 1-тармағында көзделген құқықтары бар.

УБДО-ға орналастырылған пациенттердің Кодекстің 182-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері бар.

Уақытша бейімдеу және
детоксикация орталығының
ішкі тәртібі қағидаларына
1-қосымша

Пациенттердің құжаттарын және жеке заттарын тіркеу журналы Журнал регистрации документов и личных вещей пациентов

№	Орналастырылған күні мен уақыты Дата и время помещения	Пациенттің Т.А.Ә (болған жағдайда) Ф.И.О. (при наличии) пациента	Пациенттің құжаттары Документы пациента	Пациенттің жеке заттары* Личные вещи пациента*	Пациенттің ақшасы** Деньги пациента**	Тізімдемені растайтын адамдардың Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, қолы Ф.И.О.(при наличии) , должность, роспись лиц , заверяющих опись	Құжаттар мен жеке заттарды алғаны туралы пациенттің қолы Подпись пациента о получении документов и личных вещей
№ п/п							
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

Журналдың беттері нөмірленеді, журнал жіппен тігіледі және ұйымның мөрімен бекітіледі.

* Орталыққа орналастырылған пациенттің жеке заттарының сипаттамасы айрықша сыртқы сипаттамаларды (түсі, мөлшері, тозуы, ақаулардың (зақымдардың) болуы және т.б.) қамтуы тиіс.

** Ақшаны сипаттаған кезде валютаның түрін, купюралардың құндылығын, олардың саны мен жалпы сомасын көрсету қажет.

Примечание:

Страницы журнала нумеруются, журнал прошнуровывается и заверяется печатью организации.

* Описание личных вещей помещенного в центр пациента должно включать отличительные внешние характеристики (цвет, размер, изношенность, наличие изъянов (повреждений) и т.д.).

** При описании денег необходимо указать вид валюты, достоинство купюр, их количество и общую сумму.

Уақытша бейімдеу және
детоксикация орталығының
ішкі тәртібі қағидаларына
2-қосымша

**Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығындағы пациенттің №_____ картасы Карта
пациента, находящегося в центре временной адаптации и детоксикации №_____**

1. Тегі

Фамилия _____

Аты

Имя _____

Әкесінің аты (болған жағдайда)

Отчество (при наличии) _____

2. Туған күні

Дата рождения / ____ / ____ / ____ /

3. Жынысы: ер - 1, әйел – 2

Пол: муж - 1, жен - 2

4. Ұлты

Национальность _____

5. Тұрғын: қала – 1, ауыл – 2

Житель: города – 1, села – 2

6. ЖСН

ИИН _____

7. Медициналық тіркеу нөмірі

Регистрационный медицинский номер _____

8. Тұрғылықты мекенжайы

Место жительства:

1) Ел, облыс, аудан

Страна, область, район _____

2) елдімекен, көше, үй, пәтер

населенный пункт, улица, дом, квартира _____

9. Әлеуметтік мәртебесі:

Социальный статус: _____

10. Жатқызу күні мен уақыты

Дата и время помещения _____ / _____ / _____

11. Бақылау деректері: Данные наблюдения:

Күні, уақыты Дата, время	Объективтік мәртебе деректері Данные объективного статуса	Тағайындаулар Назначения
1	2	3

12. Шығару (қайтыс болған) күні мен уақыты

Дата и время выписки (смерти) _____ / _____ / _____

13. Төсек-күндерінің саны _____

Проведено койко-дней _____

14. Диагнозы: Диагноз:

	Диагноз	АХЖ-10 бойынша код Код по МКБ-10
Қорытынды клиникалық диагноз Заключительный клинический диагноз		
Асқынулар Осложнения		
Қосалқы аурулар Сопутствующие заболевания		
Патологоанатомиялық диагноз (қайтыс болу себебі) Патологоанатомический диагноз (причина смерти)		

15. Болу нәтижесі:

Исход пребывания:

Шығарылды (выписан) – 1, ауыстырылды (переведен) – 2, қайтыс болды (умер) – 3, өз еркімен кетіп қалды (самовольный уход) – 4.

16. Дәрігер Врач:

ТАӘ (Ф.И.О.) _____ Код _____

Қолы (Подпись) _____

17. Орталық меңгерушісі (зав. центром):

ТАӘ (Ф.И.О.) _____ Код _____

Қолы (Подпись) _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК